

Келісілді  
Павлодар облысы мәдениет,  
тілдерді дамыту және архив  
ісі басқармасының басшысы

  
М.Тауасқан

Бекітемін  
Павлодар қаласының әкімі  
Х.Хабылбеков

**Қазақ ССР-інің Халық әртісі, дәулескер күйші Рүстембек  
Бейсенұлы Омаровтың 105 – жылдығына арналған  
І-республикалық «Жастық шақ» домбырашылар конкурсының  
ЕРЕЖЕСІ**

Ұлттық құндылығымыздың басты нышаны күй мұрасын, елміздегі жас ұрпаққа кеңінен насихаттау мақсатында Павлодар қаласының әкімдігі Павлодар облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен алғашқы кәсіби домбырашы, Қазақ ССР-інің Халық әртісі, Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің концертмейстері және жеке домбырашысы, Павлодар облысының тумасы Рүстембек Бейсенұлы Омаровтың 105 - жылдық мерейтойы аясында І-республикалық «Жастық шақ» домбырашылар конкурсын ұйымдастырып өткізеді.

**Байқаудың ұйымдастырушылары:**

Павлодар қаласы әкімдігінің «Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ, «Естай атындағы мәдениет сарайы МКҚК, «Павлодар облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» ММ, «Иса Байзақов атындағы Павлодар облыстық филармониясы» КМҚК, «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат, кешені» ММ

**Өткізілетін уақыты:** 13-15 қараша 2024 жыл.

**Өтетін орны:** «Естай атындағы қалалық мәдениет сарайы» КМҚК (*Конституция алаңы, 1*), «Иса Байзақов атындағы Павлодар облыстық филармониясы» КМҚК (*Н.Назарбаев даңғылы, 1*), «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат, кешені» ММ (*Торайғыров көш., 67*)

**I. Конкурстың мақсаты**

Бұқара халықтың қазақ ұлттық өнері саласындағы тарихи мұраларға деген құрметін арттыру. Рүстембек Бейсенұлының шығармашылығын халық арасында кеңінен насихаттап, оның өнерін жалғастырушылардың шығармашылық деңгейін анықтап, талантты жастарды халыққа таныту.

- қазақ музыка өнерін насихаттау және жастарға дәстүрлі музыканы дәріптеу;
- Республикалық кәсіби музыканттар арасында шығармашылық тәжірибе алмасу;
- талантты орындаушыларды қолдау, олардың шығармашылығын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау;

## II. Негізгі шарттары

1. Конкурсқа 16 мен 35 жас қоса алғанда (1 қарашаға қарасты) аралығындағы республикамыздың әр облысынан 2 үміткер және Павлодар облысының өнер, білім ордаларынан 5 үміткер қатыса алады. Сондай-ақ, Құрманғазы атындағы ұлттық консерватория; Қазақ ұлттық өнер университеті; Т. Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясы, А.Жұбанов атындағы және К.Байсеитова атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған балалар музыка мектептері оқушылары мен студенттері, ұстаздары қатарынан, әр оқу орнынан 2 үміткерден қатыса алады. Конкурсқа жоғарыда аталған мекемелер квотасынан тыс осы ереженің III-бөлімінің 7 пунктіне сәйкес қатысуға өтінім беруге болады
2. Конкурсқа қатысу үшін үміткерлер өтінімдері арнайы формаға сәйкес толтырылған әр облыстың мәдениет басқармалары басшылығының қолы және мөрімен бекітілген нұсқада электронды түрде қабылданады. Жоғарыда аталған оқу орындарынан қатысушы үміткерлердің өтінімдері оқу орнының оқу бөлімі меңгерушісінің қолы мен мөрі соғылған түрде қабылданады.
3. Конкурс 3-кезеңнен тұрады, кезеңдерден өтпеген үміткер орындаушылар келесі кезеңге жіберілмейді.
4. Конкурстың ережеге сәйкес бекітілген бағдарламасы талқылауға және өзгертуге жатпайды.
5. Үміткердің формаға сәйкес өтінімде бекітілген конкурстық бағдарламасын өзгертуге болмайды, барлық шығармалар жатқа және 1 рет қана орындалуы тиіс.
6. Конкурстық бағдарламаның 1 және 2 кезеңдері микрофонсыз, ал 3 кезеңі оркестр сүйемелдеуімен микрофон қолдану арқылы орындалады.
7. Конкурсқа қатысу тегін.
8. Конкурстың әділ-қазылар алқасының шешімі түпкілікті, талқыланды және қайта қаралмайды.
9. Конкурсқа қатысушы үміткерлер өтінімдері 1-қарашаға дейін қабылданады.

### III. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1. Туу туралы немесе жеке куәлік (көшірмесі pdf форматында);
2. 20 сандық банктегі есеп-шот туралы анықтама;
3. Шығармашылық өмірбаяны (жіберуші тараптың қолы және мөрімен бекітілген pdf және электронды форматында);
4. Әр облыстың мәдениет басқармасынан/оқу орнынан формаға сәйкес электронды түрдегі өтінім (қосымша 1 pdf форматында);
5. 13x18 көлемдегі 2 түрлі-түсті сапалы фотосурет (электронды нұсқа формат);
6. Жұмыс немесе оқу орнынан анықтама (pdf форматында);
7. Қатысушылардың шығындары ережеде бекітілген квотаға сәйкес; жол шығыны жіберушілер жағынан, жататын орны мен тамақтануы ұйымдастырушылар жағынан төленеді. Егер үміткер жергілікті мәдениет басқармасының немесе ережеде аталған оқу орындарының квотасынан тыс конкурсқа жеке өтінім жіберген жағдайда, үміткер жататын орны мен тамақтану, жол жүру шығындарын толықтай өз тарапынан төлейді.

Өтінімдер толық құжаттар топтамасымен келесі электронды поштаға жіберілуі тиіс [gdkpvl@mail.kz](mailto:gdkpvl@mail.kz) (құжаттар топтамасы толық жинақта жіберілмеген өтінімдер қабылданбайды)

Өтінім жіберу/қабылдау туралы ақпаратты немесе кері байланысты келесі байланыс телефондары арқылы алуға болады: 87750901373 (Айнұр)

Конкурсқа қатысушы үміткерлердің келу мерзімі: 12 қараша 2024 жыл, кету мерзімі: 15-16 қараша 2024 жыл.

### IV.Әділ-қазылар алқасы:

1. Қазылар алқасы Қазақстан Республикасының белгілі мәдениет қайраткерлері мен танымал орындаушы музыканттар қатарынан құрылады.
2. Конкурстың қазылар алқасы құрамы ұйымдастырушы комитетімен бекітіледі.
3. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды, хаттамамен рәсімделеді және барлық қазылар алқасының мүшелерімен бекітіледі.
4. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.
5. Қазылар алқасы барлық жүлделі орындарды тағайындамауға немесе қайта қарауға құқылы.

## V. Жеңімпаздарды марапаттау:

1. Конкурс жеңімпаздарына арнайы дипломдар, естелік сыйлықтар мен ақшалай сыйақылар табысталады.

### Марапаттар

№	Марапат	саны	Жүлде қоры (теңге)
1	Бас жүлде	1	1 000 000
2	1-орын	1	700 000
3	2-орын	1	400 000
4	3-орын	1	300 000
5	Рүстембек атындағы арнайы диплом	1	200 000
6	Дипломант 1	1	100 000
7	Дипломант 2	1	100 000
8	Дипломант 3	1	100 000

2. Марапаттау рәсімі барлық жеңімпаздардың қатысуымен салтанатты Гала-концерт түрінде өтеді.
3. Демеушілер мен өзге де ұйымдар ұйымдастыру комитетінің келісуімен конкурс қатысушыларына арнайы жүлделерді немесе бағалы сыйлықтарды ұсына алады.

## VI. Конкурстың бағдарламасы:

### I кезең

1. Халық күйі «Ақсақ құлан» (Р. Омаровтың нұсқасы, міндетті түрде)
2. Дәулеткерей «Қос ішек» (Р. Омаровтың нұсқасы, міндетті түрде)
3. Арқа мектебінен бір шертпе күй таңдауы бойынша
4. Қазіргі заман композиторларының виртуозды бір күйі

### II кезең

1. Р. Омаров «Жастық шақ» (міндетті түрде)
2. Қазанғап Тілепбергенұлының бір күйі таңдау бойынша
3. Р. Омаровтың репертуарынан 2 күй орындау (билет бойынша)

1. Құрманғазы «Серпер»
2. Құрманғазы «Ақсақ киік»
3. Құрманғазы «Бозшолақ»
4. Құрманғазы «Жима»
5. Құрманғазы «Қызыл қайың»
6. Құрманғазы «Машина»

7. Құрманғазы «Саранжап»
8. Құрманғазы «Төремұрат»
9. Дәулеткерей «Аңшылық»
10. Алтынай «Ақжелең»
11. Қазанғап «Торы ат»
12. Дина «Байжұма»
13. Дина «Жеңіс»
14. Дина «Тойбастар»
15. Абыл «Нарату»
16. Әлікей «Сыбырлақ»
17. Кәуен «Сәнау»
18. Оқап «Адасқан»
19. А. Жұбанов «Би күйі»
20. М. Қойшыбаев «Жастар»

*Ескерту: Р. Омаровтың орындауындағы күйлердің аудиожазбалары төменгі сілтемеде қолжетімді*  
<https://college.muscomplexpavl.edu.kz/index.php/ru/rustembek-omarov>

### III кезең

Иса Байзақов атындағы Павлодар облыстық филармониясының Рүстембек Омаров атындағы қазақ ұлт аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен жеребе бойынша 1 шығарманы орындау:

1. С. Шабельский, Л. Шаргородский «Тойбастар»
2. Махамбет «Жұмыр қылыш» (Айтқали Жайымовтың нұсқасы)

*Конкурс барысы бойынша сұрақтар бойынша ұйымдастырушылармен келесі номерлері арқылы байланысуға болады*  
*Байланыс телефондары: 87750901373 (Айнұр)*  
*E-mail: [gdkpvl@mail.kz](mailto:gdkpvl@mail.kz)*

Қазақ ССР-інің Халық әртісі, дәулескер күйші Рүстембек Бейсенұлы  
Омаровтың 105 – жылдығына арналған І-ші республикалық  
«Жастық шақ» домбырашылар конкурсына қатысуға  
ӨТІНІМ

1	Қатысушының аты-жөні төл құжат бойынша	
2	Жасы (туған күні, жылы)	
3	Байланыс телефондары, электронды поштасы	
4	Өтінім толтырылып жіберілген күні	
<b>Орындайтын шығарманың атауы, авторы (ереже бағдарламасына сәйкес):</b>		
<b>1 кезең</b>		
<b>2 кезең</b>		

Мәдениет басқармасының басшысы/ оқу  
бөлімінің меңгерушісі: \_\_\_\_\_

Қолы/мөрі  
(міндетті түрде)